

«БЕКІТЕМІН»

Кожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің I-Вице-ректоры
Ж.Томар
2021 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Кожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж.Темирбекова
2021 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТИНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

YE-XKTU-062-2021



**ЖОҒАРЫ БІЛІМНЕҢ КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
БОЙЫНША ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ ФЫЛЫМИ
ЖЕТЕКШІСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Фылым департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер:
 - Фылым департаментінің директоры
Х.Масадиков
 - Фылыми зерттеулер бөлімінің басшысы
А.Балтабаева
3. Келісілді:
 - Фылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры
Э.Идрисова
 - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕҢГІЗІЛДІ
2021 ж.
5. Тексерілу мерзімі
2024 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже		13 беттін 2-ші беті

Мазмұны

1.	Колданылу саласы	3
2.	Нормативтік сілтемелер	3
3.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	4
4.	Жауапкершілік	5
5.	Жалпы ережелер	5
6.	Магистрлік диссертация/жоба тақырыптарына және ғылыми жетекшілікке қойылатын талаптар	6
7.	Докторлық диссертацияның тақырыбына және ғылыми жетекшілерге қойылатын талаптар	7
8.	Өзгерістерді енгізу тәртібі	11
9.	Келісу, сактау және тарату	11
10.	Қосымшалар	12

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетті		ҮЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже		13 беттін 3-ші беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттінің (бұдан әрі - университет) магистратура және докторантурда даярланатын мамандықтар/білім беру бағдарламалары бойынша магистранттар мен докторанттардың диссертация жұмыстарын/жобаларының тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекітуді ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

1.2 Бұл Ережені университеттің магистратура, докторантурда білім беру бағдарламалары негізінде білім алғышын барлық білімгерлер негізгі нұсқаулық ретінде қолданады.

1.3 Бұл Ереже университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және магистратура, докторантурда білім беру бағдарламалары бойынша жауапты барлық кафедраларына таратылады.

1.5 ҮЕ-ХҚТУ-062-2021 Ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Университет ережесін даярлау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды және сілтеме жасалынды:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жана редакцияда КР 04.07.2018 № 171-VI);
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV «Ғылым туралы» Заңы;
- «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарын бекіту туралы: «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарты Магистратура, Докторантурда бекіту туралы» КР БФМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бүйрүғы (05.05.2020 ж.өзгерістермен);
- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бүйрүғы, КР БФМ 2018 жылғы 12 қазандағы №563 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бүйрүғы;
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бүйрүғының «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы (Классификатор)» КР БФМ 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бүйрүғы;
- «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» КР БФМ 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бүйрүғы, КР БФМ 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №507 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бүйрүғы;
- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» КР БФМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бүйрүғы (20.09.2021 ж.өзгерістермен);

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже		13 беттің 4-ші беті

- «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) Ғылыми дәрежелерді беру қағидалары» КР БФМ 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 512 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрығы;
- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжаттандырылған процедуралар;

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Анықтамалар:

Докторлық диссертация – докторанттың теориялық ережелер өзірленген, жиынтығын жана ғылыми жетістік ретінде саралауға болатын немесе ғылыми проблема шешілген не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер жазылған дербес зерттеу болып табылатын ғылыми жұмысы.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми негізdemесі (research proposal) – докторант дайындаған және бірінші немесе екінші оқу жылы ішінде жоғары оқу орны бекіткен, зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдіснамасын, әдебиеттерге шолу жасауды және зерттеудің күтілетін нәтижелерін қамтитын құжат.

Магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және немесе практикалық өзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы.

Магистрлік жоба – бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндеттін шешүгे мүмкіндік беретін теориялық және(немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы.

3.2 Университеттің осы ережесінде төмендегі қолданылатын қысқартулар:

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; УЕ - Университет ережесі;

КР БФМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ЖЖОКБҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімі;

ЖБКББО – Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығы;

БББ – Білім беру бағдарламасы;

ДФЗЖ/ ЭФЗЖ – Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік ғылыми-зерттеу жұмысы;

БЭЗЖ/БФЗЖ – Білім алушының эксперименттік-зерттеу/ғылыми-зерттеу жұмысы;

МФЗЖ/ ЭФЗЖ – Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік ғылыми-зерттеу жұмысы;

DBA - іскерлік әкімшілендіру докторы (бұдан әрі – DBA (ДиБиЭй)) – DBA бағдарламасын менгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы;

ФЗИ/ФЗО – Ғылыми-зерттеу институты/Ғылыми-зерттеу орталығы.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҮЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже		13 беттің 5-ші беті

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1 ҮЕ университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

4.2 Бекітілген ереже қолданушылардың назарына, «Танысу парагына» қол қойыла отырып, жеткізу жауапкершілігі кафедра менгерушілеріне және факультет декандарына жүктеледі.

4.3 Осы ереже талаптарын нормативті құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкестендіру жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

4.4 Осы ереже «ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжаттаманы басқару»-ға сәйкес басқару жауапкершілігі СРСО басшысына жүктеледі.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша 2 (екі) жылдық оқу мерзімімен және бейіндік бағыт бойынша 1,5 (бір жарым) жыл мен 1 (бір) жылдық оқу мерзімімен жоғары оқу орнынан кейін магистратурада білім беру бағдарламаларын және докторантурада 3 (үш) жылдық оқу мерзімімен ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі - БББ) іске асырады.

5.2 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу жұмысымен айналысатын жоғары оқу орындары мен ғылыми үйімдарға арнап ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары іске асырылады.

5.3 Бейіндік бағыттағы магистратурада экономика, медицина, құқық, білім беру, өнер, қызмет көрсету және бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік, құқық корғау қызметі салалары үшін басқару кадрларын даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары іске асырылады.

5.4 Магистратураның БББ-сы мына аталғандардан құралады:

1) теориялық оқыту, оған негізгі және бейіндік пәндер циклдарын оқыту кіреді;
2) ғылыми-педагогикалық бағытта – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейіндік магистратурада – магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы;

3) магистранттарды практикалық даярлау: практиканың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдаманың алуан түрлері;

4) қорытынды аттестаттау.

5.5 Философия докторын (PhD) даярлауға арналған БББ ғылыми-педагогикалық бағытта жүзеге асырылады және іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу дайындығын әрі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі мен ғылыми сала үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша пәндерді тереңдетіп оқытуды көздейді.

5.6 Бейін бойынша докторды даярлау БББ іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу дайындығын және ұлттық экономика, әлеуметтік салаларға, атап айтқанда: білім беру, медицина, құқық, өнер, экономика, бизнес-әкімшілік салалары үшін және ұлттық қауіпсіздік және әскери іс салалары үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша пәндерді тереңдетіп оқытуды көздейді.

5.7 Магистратураның БББ қорытынды кезеңі - білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен негізгі құзыреттіліктерді анықтау мақсатында өткізілетін қорытынды аттестаттау.

5.8 Білім беру үдерісін аяқтаған, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының талаптарын толық орындаған магистранттар қорытынды аттестаттаудан өтуге рұқсат беріледі.

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже		13 беттің 6-ші беті

5.9 Корытынды атtestаттау академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларында көзделген мерзімде магистрлік диссертацияны/жобаны (бұдан әрі – бітіру жұмысы) корғау нысанында өткізіледі.

5.10 Докторантуралық БББ ғылыми компоненті докторанттың ғылыми-зерттеу (бұдан әрі – ДФЗЖ) немесе эксперименттік-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі – ЭФЗЖ), ғылыми жарияланымдардан, докторлық диссертацияны жазу мен корғаудан қалыптасады.

5.11 Докторанттардың сондай-ақ, кафедра және ФЗИ/ФЗО-мен бірлескен ғылыми жобаларға қатысу құпталады.

5.12 Докторлық диссертацияны орындау ДФЗЖ (ЭФЗЖ) кезеңінде жүзеге асырылады. ДФЗЖ (ЭФЗЖ) соңғы корытындысы докторлық диссертация болып табылады.

5.13 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар үшін диссертация жазу міндетті болып табылады. Бейіндік бағыттағы магистранттарға магистрлік жобаны немесе магистрлік диссертацияны жазуды тандау құқығы беріледі.

5.14 Магистрант мемлекеттік, орыс, түрік немесе ағылшын тілдерінде жұмыс жазуды тандауға құқылы.

5.15 Докторлық диссертация қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінің бірінде ұсынылады.

5.16 Магистрлік диссертация жеке орындалады, магистрлік жобаны 2-3 адамнан құралған топ болып орындауға болады.

5.17 Магистрант және докторанттар кафедра тарарапынан берілген тізім бойынша талаптарға сәйкес келетін ОПК ішінен жетекші таңдауға құқылы.

6. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА ТАҚЫРЫПТАРЫНА ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Магистрлік диссертация/жоба ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалған, ішкі бірлігі бар, таңдалған тақырыпты әзірлеу барысы мен нәтижелерін көрсететін, біліктілік функциясын орындаіттың зерттеу болып табылады және көпшілік алдында корғау тиісті дайындық бағытының «магистр» дәрежесін алу мақсатында дайындалады.

6.2 Магистрлік диссертация/жобаның тақырыбы өзекті, кадрларды даярлау бағыты мен ғылыми жетістіктерді дамытудың заманауи деңгейіне, өнірді дамыту бағдарламасына сәйкес болуы тиіс. Бітіру жұмысы бітірушінің дайындық бағыты бойынша ғылыми ізденісті өз бетінше жүргізуге, тиісті саладағы ғылыми және қолданбалы мәселелерді шығармашылықпен тұжырымдауға және шешуге қабілетті, бөлімшенің немесе ұйым қызметінің стратегиясын белгілей білуге, бөлімшелер деңгейінде шешімдер қабылдауға және алған дағдыларын ақпараттық-талдау қызметінде белсенді қолдануға қабілетті кәсіби маман ретінде жетілуін көрсетуі тиіс.

6.3 Магистрлік диссертация/жобада алған білім негізінде білім алушы тиісті салада маңызды мәні бар практикалық мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми негізделген дәлелдер мен ұсыныстарды баяндайды.

6.4 Магистрлік диссертация/жобаның тақырыбы бағыттары бойынша ғалымдардың және/немесе ФЗИ-ФЗО-ның ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен кафедраның кеңейтілген мәжілісінде талқыланады, ғылым департаментте соңғы үш жылдағы тақырыптармен қайталаудың болмауы тексеріліп келісіледі, факультет отырысында қаралады және университет Сенат мәжілісінің отырысында бекітіледі.

6.5 Магистрлік диссертация/жобаның тақырыбы мен магистранттың ғылыми жетекшісінің кандидатурасы факультет ұсынысы негізінде қабылданғаннан кейін екі ай ішінде университет Сенатының мәжілісінің шешімімен бекітіледі.

6.6 Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҮЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже	13 беттің 7-ші беті	

сәйкес келетін «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кем дегенде 3 (үш) жыл, білім және ғылым саласындағы уәқілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар Тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection (Вэб оғ Сайнс Кор Коллекши) базаларының бірінде индекстелеңтін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.

6.7 Түркиялық ғалымдардың Түркияның dergipark базасында жарияланған мақалалары ҚР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (КОКСОН) ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіндегі журналдарда жарияланған мақалалармен баламалы түрде ескеріледі.

6.8 Қажет болған жағдайда ғылымның шектес салалары бойынша ғылыми жетекшілер тағайындалуы мүмкін.

6.9 Ғылыми жетекшілер:

- бүкіл оқу мерзімі барысындағы ғылыми зерттеу кезеңдерін белгілең, олардың орындалуының мониторингін жүргізеді;
- магистранттың MF3Ж/ЭF3Ж жүргізуі үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды (қажетті көздер мен ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді; оны орындау барысында кеңес беруге жәрдемдеседі) және магистранттың MF3Ж/ЭF3Ж жұмысының нәтижесі бойынша бағыттары бойынша ғалымдардың және/немесе F3И-F3О-ның ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен кафедраның кеңейтілген мәжілісінде семинар өткізуге ықпал жасайды;
- магистрант шығарушы кафедралар бағыттары бойынша ғалымдардың және/немесе F3И-F3О-ның ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен MF3Ж/ЭF3Ж жұмысын тыңдау үшін бірлескен семинарлардың кестесін дайындалап, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректорымен бекітеді;
- зерттеу практикасына және ғылыми тағылымдамаға жетекшілік жүргізеді;
- білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында туындастын өзге де мәселелерді шешеді.

6.10 Магистрлік диссертацияның/жобаның негізгі нәтижелері кемінде бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияда бір баяндама да ұсынылады. Университет магистрантқа зерттеу нәтижелерін жариялауға жәрдем береді.

6.11 Магистрлік диссертация / жоба антиплагиат бағдарламасы бойынша тексеруден етеді.

7 ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ТАҚЫРЫБЫНА ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестр ішінде белгіленіп, университет Сенаты мәжілісінің шешімімен бекітіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже		13 беттің 8-ші беті

7.2 Диссертацияның тақырыбы (бекіту күніне) «Ғылым туралы» Заңын 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы тиіс.

7.3 Докторлық диссертацияның тақырыбы бағыттары бойынша ғалымдардың және/немесе ФЗИ-ФЗО-ның ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен кафедраның кеңейтілген мәжілісінде талқыланады, Ғылым департаментте соңғы үш жылдағы тақырыптармен кайталанудың болмауы тексеріліп, келісіледі, факультет отырысында қаралады және университет Сенат мәжілісінің отырысында бекітіледі.

7.4 Диссертация өз бетінше жазылады, автордың көшілік алдында қорғау үшін ұсынған жаңа ғылыми нәтижелері мен ережелерінің жиынтығын қамтиды және автордың ғылымға қосқан жеке үлесін қуәландырады. Автор ұсынған жаңа шешімдер белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған болуы тиіс.

7.5 Қолданбалы мәні бар диссертацияда авторлық қуәлітермен, патенттермен және басқа да ресми құжаттармен расталған автор алған ғылыми нәтижелерді практикалық пайдалану туралы мәліметтер, ал теориялық маңызы бар диссертацияда – ғылыми қорытындыларды пайдалану жөніндегі ұсыныстар келтіріледі.

7.6 Докторантқа докторлық диссертацияға жетекшілік жасау үшін оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде ғылыми жетекші тағайындалады, ол университет Сенаты мәжілісінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

7.7 Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторанттарға ғылыми жетекшілікті ғылым докторлары немесе кандидаттары немесе философия докторлары (PhD) қатарынан тағайындалатын кемінде 2 адамнан тұратын кеңесшілер жүзеге асырады, оның бірі шетелдік ЖЖОКБҰ ғалымы болуы шарт. Мамандық бейініне жататын ғылым саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын және ғылыми жетекшілік тәжірибесі бар тұлғалар ғылыми кеңесші бола алады.

7.8 Шетелдік ЖЖОКБҰ ғалымдары қатарынан ғылыми жетекшілік жасаушылар. Шетелдік жоғары оку орны өз елінде аккредитацияланған болуы тиіс, бұл ретте ғылыми кеңесшінің философия докторы дәрежесі болуы және университет докторантын даярлау бағыты бойынша ғылыми зерттеулермен айналысуы шарт.

7.9 Докторлық диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне сәйкес келетін «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі бар және ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл болатын,

- 8D05 "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", 8D06 "Акпараттық-коммуникациялық технологиялар", 8D07 "Инженерлік, өндіріс және құрылыш салалары", 8D08 "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", 8D09 "Ветеринария", 8D10 "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" кадрлар даярлау бағыттары бойынша Web of Science Core Collection (Вэб оғ Сайнс Кор Коллекшн) базасында JCR (CPP) деректері бойынша 1, 2, 3-квартильдерге кіретін немесе Scopus (Скопус) базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен кем емес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала, немесе Хирш индексі 2 және одан көп;

- даярлаудың қалған бағыттары бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген, бейін бойынша басылымдарда 5 ғылыми мақалалардың және JCR

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже	13 беттің 9-ші беті	

(ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection (Вэб оғ Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстегітін немесе Scopus базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен кем емес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.

7.10 Докторантурасын тамамдағаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде қорғамаған 2 және одан көп докторанттарға жетекші болып келген ғылыми жетекшілерге жаңадан 1 курсқа қабылданған докторанттарға жетекшілік жасауға рұқсат етілмейді.

7.11 Ғылыми кеңесшілер төменде аталғандарды орындауды:

- докторанттың жеке жұмыс жоспарларын әзірлеуге жәрдемдеседі және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- зерттеу тәжірибесін басқарады;
- докторанттың ғылыми жұмысын жүргізу үшін барлық қажетті жағдайлар жасайды (қажетті дереккөздер мен ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз етеді; докторантқа ғылыми зерттеуді орындау барысында көмек көрсетеді және кеңес береді; ұсынылатын материалдар бойынша докторанттармен көрі байланыс жасайды; докторанттың шетелдік білім және ғылым мекемелерінде ғылыми зерттеулер жүргізуін қамтамасыз етеді; жүргізілетін ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялауға дайындауға жәрдемдеседі);
- докторанттың ДГЗЖ/ӘГЗЖ жүргізуі үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды (қажетті көздер мен ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді; оны орындау барысында кеңес беруге жәрдемдеседі) және докторанттың ДГЗЖ/ӘГЗЖ жұмысының нәтижесі бойынша бағыттары бойынша ғалымдардың және/немесе ҒЗИ-ҒЗО-ның ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен кафедраның кеңейтілген мәжілісінде семинар өткізуге ықпал жасайды;
- докторант шығарушы кафедралар бағыттары бойынша ғалымдардың және/немесе ҒЗИ-ҒЗО-ның ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен ДГЗЖ/ӘГЗЖ жұмысын тындау үшін бірлескен семинарлардың кестесін дайындау, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректорымен бекітеді;
- Ғылыми кеңесшілер докторлық диссертацияның орындалуына және академиялық адалдық принциптерінің сақталуына және диссертациялық жұмыстың қорғауға уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;
- сараптама комиссиясына ұсынар алдында диссертацияға объективті баға береді;
- докторантты диссертацияны қорғау рәсімімен таныстырады;
- білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында туындайтын өзге де мәселелерді шешеді.

7.12 Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға ұсынылған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғауға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы №1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 121) тармақшасына сәйкес уәкілдегі орган бекітетін Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген ғылыми басылымдарда және (немесе) рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда жарияланады.

Рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдардағы мақалалар даярлану бағытына байланысты ескеріледі, атап айтқанда:

- 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыш салалары, 8D08

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже		13 беттің 10-ші беті

Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D09 Ветеринария, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина), 8D11 Қызмет көрсету кадрлар даярлау бағыттары бойынша Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) (бұдан әрі – JCR (ЖСР)) деректері бойынша белгілі бір квартильге кіретін басылымдар немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші бар басылымдар;

- қалған кадрлар даярлау бағыттары үшін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторға ие немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт әнд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) бөлімдері) деректер базасында индекстелетін басылымдар; сондай-ақ Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша белгілі бір процентиль көрсеткіші бар басылымдар.

Егер JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы (немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт әнд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) бөлімдері) деректер базасында индекстелетін) бар немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда 1 (бір) мақала болған жағдайда Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 (үш) мақала болады.

Егер JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын журналда 1 (бір) мақала және JCR (ЖСР) базасының алғашқы 3 (үш) квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 50 (елу) болатын журналда 1 (бір) мақала болған жағдайда Басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда мақала жариялау талап етілмейді.

Егер JCR (ЖСР) базасының бірінші квартирліне кіретін журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

Рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдардағы мақалалар көрсетілген базалардағы журналдың тақырыптық бағытына сәйкес келеді және ағымдағы нөмірлерде жарияланады. Бұл ретте мақала жариялау немесе диссертация қорғау кезінде журнал диссертация мазмұнына сәйкес келетін ең болмағанда бір ғылыми саладан Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткішіне немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректер базасында импакт-факторына (немесе индекстеледі) ие болады.

Ғылыми мақалалар рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда талап етілген мақалалар санынан артық болған жағдайда, олар Басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдардағы мақалалар ретінде саналады.

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science (Вэб оф Сайнс) деректер базасына енгізілген шетелдік патенттер рецензияланатын халықаралық ғылыми басылымдардағы жарияланымдар ретінде саналады.

7.13 Диссертацияны жазу және ресімдеу КР БФМ нормативтік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.14 Докторантуралың білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсын толық менгерген, бірақ ДФЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған докторантка ДФЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже		13 беттін 11-ші беті

кредиттерін қайта мөңгеруге және келесі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

- Докторантуралық білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсын толық мөңгерген, ДГЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертация (жоба) қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және диссертациясын бітіргеннен кейін бір жыл ішінде тегін қорғауға, ал келесі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

- Бұл ретте докторант бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң ақылы негізде диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

7.25 Мемлекеттік құпиялары бар диссертацияларды қорғау кезінде халықаралық журналдағы жарияланымның орнына Комитет ұсынған ғылыми басылымдағы жарияланым есептеледі.

8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

9.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парагында» тіркелуі тиіс (Қосымша-2.)

9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Осы Университет Ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделіп, бекітіледі.

10.2 Осы Университет Ережесінің жұмыс данасын сақтау, көбейту және қолданушыларға жіберу үшін жауапкершілік ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысына жүктеледі. Осы Университет Ережесінің жұмыс нұсқалары факультет декандарына, ғылыми істер жөніндегі декан орынбасарларына, кафедра мөнгерушілеріне, магистранттар мен докторанттардың электронды пошта адрестері бойынша жіберіледі.

10.3 Осы Университет Ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

Пусат Пилтен

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы

Ж.Дарибаев

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	УЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тәқырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже	13 беттің 12-ші беті

10 ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша-1

Φ-CΜΒ-004

ТАНЫСУ ПАРАФЫ

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	УЕ-ХҚТУ-062-2021
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже	13 беттің 13-ші беті

Косымша-2

Φ-СМБ-002

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ

№ Р/с	Өзгеріс енгізу туралы шешім		Парақ нөмірі					Өзгерістерді жүзеге асыратын тұлға		
	Күнжат	№ бұйрык	өзгерішін	Ауыстырылған	Жана	Есептен	Шығарылған	Қарастырылған	Қарастырылған	Аты-жөні
1.	Фондамент комитеті №1 жетекші меншік 23.08.22н	Фондамент комитеті меншік 23.08.22н	7	7	1	1	1	1	23.08.22н Досбеков	дүйн
2.	Сенат штабының №4 жетекші меншік 28.11.22н	Сенат штабының №4 жетекші меншік 28.11.22н	7	7	1	1	1	1	28.11. 2022н Досбеков	дүйн